# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 қазан №4360-25-00-2/2468 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР**:
«AIDAI GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

3
4

Талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «AIDAI GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «AIDAI GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «AIDAI GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 15.10.2025
Заңды күшінде болады: 26.11.2025
DOC ID KZWPZVW20250001440434 5F12D
4360-25-3-1/2571
DOC ID KZWPZVW202500014404345F12D
Электронный документ подписан в Documentolog Business

кәсіпорнының пайдасына 2 835 (екі мың сегіз жүз отыз бес) теңге тұрақсыздық айыбы және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 85 (сексен бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **Қ.М.Бержанов**

**Көшірмесі дұрыс.**

**Төраға** **Б.Е.Елшібеков**

**Анықтама: шешім заңды күшіне 2025 жылғы 25 қарашада енді.**

**Төраға** **Б.Е.Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 15.10.2025

Заңды күшіне енгізілді: 25.11.2025 Бөлімбаева Б. Б., 26.11.2025
DOC ID KZWPZVW20250014404345F12D

4360-25-3-1/2571
DOC ID KZWPZVW20250014404345F12D
Электронный документ подписан в Documentolog Business

# Квитанция о подписании

## Основная информация

| | |
|---|---|
| DOC ID | KZWPZVW202500014404345F12D |
| Тип документа | Внутренний документ |
| Тема | мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылар тізіміне енгізу туралы |
| Статус | На исполнении |
| Рег. Номер: | 01-08/3461 |
| Рег. Дата: | 15.12.2025 |
| Количество страниц | 2 |
| Подписи | 1 |

## Информация об отправителе

| | |
|---|---|
| Отправитель | ГКП "КЫЗЫЛОРДАТЕПЛОЭЛЕКТРОЦЕНТР НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ УПРАВЛЕНИЯ ЭНЕРГЕТИКИ И ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ" |

## Информация о получателях

## Информация о подписантах

| | |
|---|---|
| Подписал(а) | Молдиманов Бахитжан |
| Компания | ГКП "КЫЗЫЛОРДАТЕПЛОЭЛЕКТРОЦЕНТР НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ УПРАВЛЕНИЯ ЭНЕРГЕТИКИ И ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ" |
| Должность | Директор ГКП КТЭЦ |
| Email | gkpktez@ktez.kz |
| Тип ЭЦП | Другое |
| Подпись | 81a790f6...ff72fac1d |
| Дата подписания | 15.12.2025 13:43 |

DOC ID KZWPZVW202500014404345F12D